**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ**
**ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ**
**НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы**
**Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының**
**4 курс студенті**

**Тажибаева Улзаданың**
**Бітіру мамандық жұмысы**

# ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

**Тақырып: «Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері»**

**Ғылыми жетекші: Қ.Аралбаев**

**Нөкіс-2015**

# Жоспар

- *Бірінші тарау. Жанр табиғаты және арнау өлеңдер*
- *1.1.Арнау өлеңдердің зерттелуі мен сипаты*
- *1.2. Арнаулардың жанрлық ерекшеліктері*
- *Екінші тарау.Арнау өлеңдерінің даму кезеңдері.*
- *2.1.Ауыз әдебиеті мен ерте дәуір әдебиетіндегі арнау*
- *өлеңдер*
- *2.2.Жыраулар поэзиясындағы арнау өлеңдер*
- *2.3.XIX ғасыр ақындары поэзиясындағы арнау өлеңдер*
- *Үшінші тарау.*
- *3.1. Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері*
- *Қорытынды.*

# Тақырыптың көкейтестілігі:

Қазақ әдебиеттану ғылымында арнау өлеңдері өз алдына жанр ретінде қаралмай оларды лирикалық шығармалардың ерекшелігіне байланысты көңіл-күй азаматтық лирика т.б жанрлармен біріктіріп келу орын алды. Осыған орай қазақ әдебиетінде арнау жанрының өзіндік ерекшеліктері,олардың туу,қалыптасу және даму кезеңдерін зерттеу қажеттігі туындайды. Сондықтан арнау жанрына жататын туындылардың тақырыптық идеялық көркемдік мәселелерін таныту бүгінгі күннің ең көкейтесті мәселесі есептеледі.

# Жұмыстың мақсаты мен міндеттері

Жұмысымыздың басты мақсаты арнау өлендерінің шыққан кезеңі мен идеялық көркемдігін олардың идеясымен тіл ерекшелігін мақтау мен сынау,сатиралық формалардың әрқайсысына тән болған арнаулардағы көріністерін саралап таныту болып табылады



*Отанымыздың болашағы, халқымыздың ертеңгі күні, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы абырой-беделі ең алдымен перзенттеріміздің өсіп-өнуіне, өмірге қандай адам болып кіріп келуіне байланысты. Біз бұндай бұлтартпас шындықты ешқашан ұмытпауымыз керек.*



# КІРІСПЕ

**Елбасымыз, И.А.Каримов өзінің әр кездегі жиындарда сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамалырында, болсын елімізде өнер мен әдебиеттің өркендеуіне жақсы жағдайлар туғызу қажет екендігі, Өзбекстанда жасаушы барлық ұлттардың өзара татулығы мен бірлігі, туысқандығы т.с.с мәселелерді нығайтудың жолдары мен әдістеріне үнемі көңіл бөліп отырады. Әсіресе, президентіміздің 2008 жылы жарық көрген «Юксак маьнавият – енгилмас куч» атты бағдарламалық еңбегінде қазіргі кезде мәдениет пен әдебиеттің адам санасын қалыптастыруда қандай құдіретке ие екендігі айқын белгіленіп берілген.**

- **Бітіру-мамандық жұмысы негізінен үш бөлімнен тұрады.**
- **«Жанр табиғаты және арнау өлеңдер» деп аталатын алғашқы тарауында арнау өлеңдері терме, толғау, жоқтау, мақтау секілді жанрлық түрлермен салыстырыла қарастырылады.**
- **«Арнау өлеңдердің даму кезеңдері» деп аталған екінші тарауда арнау өлеңдердің даму тарихы жүйеленіп көрсетілген және әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі ғылыми тұрғыда тұжырымдалған.**
- **«Арнау өлеңдердің көркемдік ерекшелігі» деп аталған үшінші тарауда арнау өлеңдерде қолданылған көркемдік тәсіл, көркемдік құралдардың мазмұндық, тақырыптық жағынан да жетіле, ширай түскені талдау барысында нақты мысалдар келтіріле отырып баяндалады.**

# Бірінші тарау. Жанр табиғаты және арнау өлеңдер

- Арнау өлеңдердің жанрын арнайы қарастырған зерттеу еңбегі болмағанымен, әдебиеттің поэзияға байланысты саласын зерттеген ғалымдарымыз арнау өлеңдер туралы азды-көпті пікір айтып отырған. Оған А. Байтұрсынов,
- С. Сейфуллин. З. Қабдолов, З.Ахметов,Р. Нұрғалиев, М.Жолдасбеков, А.Сейдімбек, М.Мырзаахмет,Б.Әбілқасымов, Қ.Өмірәлиев, Н.Төреқұлов, Д.Ысқақов және т.б. еңбектері мысал бола алады.

- Жанр мәселесін зерттеген Н.Төреқұлов бұл мәселе туралы өз ойын былайша білдіреді:«Халық өлеңдерін ішкі жанрлық түр жағынан былайша жіктеуге болады:
- Халық лирикасы: саяси лирика, арнау, мадақтау, тарихи өлеңдер, қара өлең, желдірме және т.б» бұл жерде арнау лирикасының бір саласы ретінде аталған.

- Сатира жанрын зерттеуші ғалым Т Қожакеев: «Жанр дегеніміз- белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы,»- деп көрсетеді. Ал бұл принципке сүйенсек, арнау өлеңдердің басты белгісі - белгілі бір объектіге сөз арнау. Арнау жыры  өзі тектес жанрлардан өзгешелігін көрсететін типологиясы басқа жанрлар да белгілі бір объектіге бағытталғанымен, оның мақсаты басқа. Мысалы, оданың мақсаты- мақтау. Монологтың мақсаты - ой айту. Ал сатира мен эпиграмма негізінен күлкі ете отырып, объектімен диалогиялық қарым-қатынасқа түседі.
- .

# Арнаулардың жанрлық ерекшеліктері

Арнау өлеңдердің алғашқы белгілерін ежелгі жоқтау өлеңдерінен кездестіреміз. Жоқтау жырларының алғашқы үлгілері өлген адамды мақтау түрінде көрініс бергенін Е.Тұрсынов өз еңбегінде айта келіп: «Аруақтарға арнап айтылған өлеңдер жоқтау түрінде емес, мадақ түрінде айтылған»,- деп ой түйеді.
Мадақ жырында өлген адамның туылғанынан бастап істеген ерлік, жомарттық, даналық істері баяндалған.

Мадақ жырының бір үлгісі- ежелгі түркілердің VI-VIII ғасырлардағы Орхон, Талас бойынан табылған Күлтегін, Білге қағандарға қойылған құлпытастағы жазуларынан көрініс тапқанЖырда Күлтегіннің ерлік істері, туған жер үшін жүргізген қанды шайқастары, оның теңдесі жоқ жеңістері баяндалады. Ежелгі түркі халықтары ислам діні тарағанға дейін Көк тәңіріне, Жер- Су тәңіріне және үйдегі от басы, бала-шағаны қорғаушы Ұмай анаға сыйынған ислам діні біздің жерімізге енген соң жаратқан иемізді мадақтайтын, адамгершілікке, ізгілікке үндейтін жырлар пайда бола бастады.

Арнау жырларының алғашқы үлгілерінің бірі - шешендік арнаулар. Шығарушысы кім екені белгісіз болып кеткен шешендік арнаулар бір кезде нақты адамға шешен-бидің, жыраулардың шығарған арнаулары және оның да өзіндік даму кезеңі бар. Кезінде елдің бірлігін, татулығын көздеген шешен қарттар:

Ілімің бар екен, жаным
Білімің әлдеқандай?!
Қағуың бар екен, жаным,
Халқыңа жағуың әлдеқандай?!

- Хандық дәуірдегі арнауға тән негізгі қасиет. Ол біріншіден, өз алдына мемлекет болған елдің бірлігін, тұтастығын сақтау тұрғысында туған арнаулар. Екіншіден, ел тұтастығына ие болатын хан, би, батырларды дәріптеу түрінде туған арнаулар. Үшінші ерекшелігі - XVIII ғасырда мақтау, дәріптеумен қатар сын тұрғысында арнаулардың туа бастауы. Сондай- ақ хандық дәуір кезеңінің арнаулары негізінен толғау түрінде дүниеге келді.

# XIX ғасыр ақындары поэзиясындағы арнау өлеңдер

- Арнау өлеңдері XIX ғасырда жаңа арнаға, жаңа мазмұн, тақырыптарға ауысты. Оның басты себебі - саяси жағдай, қоғамдағы өзгерістер. Ресей патшасының отарлау саясаты қалыптасқан халықтық құрылымды ыдырата бастады, бұл жай жыраулар мен ақындар арнауларында өзіндік көрініс тапты.
- XIX ғасыр ақын-жырауларының арнаулары отаршылдық құрылымға қарсылық, кешегіні аңсау түрінде көрініс берді. Сондай-ақ адамдарды ізгілікке, адамгершілікке уағыздаумен білім, ғылым үйренуге шақыруда да арнау өлеңдердің өзіндік орны болды.

- Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі”- Махамбет поэзиясындағы арнау өлеңдерінің қаймағы. Мұнда ақын Исатай қозғалысының мақсаты мен тарихын кең түрде жинақтайды. Ортасында ақынның өз бейнесі тұрады . Жанры жағынан бұл - толғау арнау. Мұнда асқақ романтика мен сатира араласып жатыр.
- Ерлік пен бостандықты, өз бейнесін жырлағанда ақын толғау стиліне тән романтика рухында сөйлейді, хандардың озбырлығын айтқанда өткір сатира қолданады. Оның нақты көрінісін мына жолдардан анық байқаймыз.
- Өздеріндей хандардың,
- Қарны жуан билердің,
- Атаңдай даусын ақыртып,
- Лауазымын көкке шақыртып,
- Басын кесем деп едім
- Ақын халық кегі хандарда екенін айта отырып, ол тек халықтың күшімен, ақ найзаның ұшымен шешілетіндігін баяндайды.

# Үшінші тарау.
# Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері

- XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген Доспамбет жырау да:
- Толғамалы ала балта қолға алып,
- Топ бастадым - өкінбен
- Тобыршығы биік жай салып,
- Дұшпан аттым - өкінбен.
- Ту құйрығы бір тұтам,
- Тұлпар міндім - өкінбен,-
- десе, бұл жолдардағы балта да, жәй да, тұлпар да образ үшін алынған сөздер.

- Абай тілі - “ тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін” білдіретін, бейнелі ойды бедерлеп жеткізетін өрнекті сөз орамдарына аса бай. Абай өз шығармашылығында алмастырудың (метонимия) сан түрлі үлгілерін пайдаланған.
- Үйі мәз боп қой сойды,
- Сүйіншіге шапқанға.
- Мұнда сүйінші сұрауға жүгірген адамдар қой союшы - үйдің өзі емес, сол үйдің ішіндегі адамдар. Ақын болыстың отбасын, туған-туысқанын түгел тізіп жатпай, бәрін үйі деген сөзбен алмастырады.
- Абай арнауларындағы алмастырудың бір түрі - меңзеу кездеседі. Ол бүтіннің орнына бөлшекті не керісінше, жалпының орнына жалқыны қолдану тәсілі болып саналады.

- . Абайдың Күйісбайға арнауында мынадай жыр жолдары кездеседі:

- Дұғай сәлем жолдаймын, Күйісбайға,
- Бермек болған айғырдың көзі қайда?
- Көзді көрсең - берессің, тайсаң - танып,
- Алдамшы атанғаннан несі пайда?

- Мұнда айтылған екі көз де - әр нәрсенің өзі, әшейін бүтіннің орнына бөлшек алынып отыр.
-

- Құбылтудың тағы бір түрі - мысқыл ( сарказм). Абай өз заманындағы парақорлық, надандық т.б іс-әрекеттерді қатты сынға алған. Мысалы Дүтбайға арнаған арнауында:

- Жылуы жоқ бойының,
- Жылмиғаны неткені?
- Құбылуы ойының,
- Кетпей құйтып өткені!
-
- Бұл арнау өлеңді түгел сарказммен жазылған деп те айтуға болады

- Арнау өлеңдері белгілі объектіге қарап айтылғандықтан, онда айшықтаудың мол болуы, теңеу мен салыстырудың кеңінен қолданылуы - заңды құбылыс. Сондықтан арнау өлеңдеріндегі көркемдік тәсілдер бір емес, бірнеше ғылыми еңбекке жүк болары сөзсіз.

# Жаңа сабақ

## Ыбырай Алтынсариннің

## Кел, балалар, оқылық!

атты балаларға

арнау өлеңі



# Сабақ мақсаты.

**Білімділік мақсаты:** *Оқушыларға жаңа сабақты мазмұндау. Ақынның өмір жолы және шығармашылығымен таныстыру. Заманалық педагогикалық технологиялардан пайдаланып тақырыпты тереңдете меңгерту.*

**Дамытушылық мақсаты:** *Оқушылардың білімге құштарлығын, дүние танымдылық көзқарасын, есте сақтау қабілетімен шығармашылық дағдыларын қалыптастыру және өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту.*

**Тәрбиелік мақсаты:** *Ақын өлеңдерін оқи отырып, жастарды Отансүйгіштік, туған жерге құрмет рухында тәрбиелеу, халықтық тәрбие үлгілерін қолдану, өсіп-өркендеу тұрғысынан дұрыс қабылдауға, ұлтаралық сыйластыққа, шындыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.*

# Сабақтың әдіс-тәсілі:

**Баяндау, сұрақ- жауап, «Кластер», «БББ» технологиясы,**

# Сабақтың көрнекілігі:

**Ақынның кітаптары, слайд тақта, компьютер, ойын тапсырмалар, үлестірмелі қағаздар.**

## Сабақтың барысы

Ұйымдастыру кезеңі:
а) оқушыларды түгелдеу;
ә) сабаққа әзірлік көру, оқушылар зейінін сабаққа аудару

Өткен сабақты қайталау және бүгінгі тақырыппен байланыстыру

Жаңа сабақ

Сабақты пысықтау

САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Бағалау

Үй тапсырмасын беру



# Ы. Алтынсаринге арнау

Алтынсарин халқымның ұлы ақыны
Алтынсарин білімнің құштарлығы
Халқының көзін ашып, еңбек еткен
Алтынсарин даламның алтын бағы.
Ашылған алғаш мектеп Торғайында
Оқыған 14 бала сарайында
Аямай балаларға берген білім
Жас ұрпаққа бүгінде болар ілім.
Мүсіні Қостанайдың ортасында
Денесі оның Тобылдың жағасында
Ұрпағы артындағы мақтан етер
Қазақтың алып тұлға данасына

А. Шаяхмет.



- «Арнау – адамның, яки ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі». Арнауды Ахмет Байтұрсынов үш түрге бөлген: жарлай арнау, сұрай арнау және зарлай арнау.



- Жарлай арнау - ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, оңаша жеке адаммен емес, жалпы жұртқа жария кеңесуіне айтылады.

Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық
Оқысаңыз балалар
Шамнан шырақ жағылар
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар



*Зарлай арнау* да осы үлгіге ұқсас келеді, бірақ жеке бастың зары басым келеді. Мысалы:

*Әуелі бас қосқаным, Жағалбайлы.*

*Жылқысын көптігінен баға алмайды.*

*Өлгені Төлегеннің рас болса,*

*Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?!*

(Қыз Жібек жыры)

- ***<u>Сұрай арнауда</u>*** ақын немесе ақын жырға қосып отырған кейіпкер өз ойын өзгеге арнап сан түрлі сауал арқылы айтып жеткізеді де, сол сауалдарға жауап күтеді
- Желі толған сары түйе
- Ағажан кімге тапсырдың?
- Қора толған ақты қой
- Ай көке кімге тапсырдың?

Қобланды



- **Риторикалық сұрау** (лепті сұрау) - ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен, сұрау түрінде айту. Өлende қойылған сұраудың жауабында екі ұштылық, шүбәлану болмайды, оны оқушы іштей біліп отырады. Мысалы:
- Балалық өлді, білдің бе?
- Жігіттікке келдің бе?
- Жігіттік өтті, көрдің бе?
- Кәрілікке көндің бе? (Абай)



# Ағартушы - педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы



1841 жылы 20 қазан айында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келді.



р.Белая
Троицк
Акмолинская область
Кустанай
Оренбургская губерния
Оренбург
р.Ишим
р.Тобол
р.Урал
Актюбинск
Темир
Тургай
р.Тургай
Эмба
Иргиз
р.Эмба
Челкар
оз. Челкар-Тенгиз
Уральская область
Аральское море
Сырдарьинская область
Казалинск
р.Сарысу
р.Сырдарья
Перовск

# " БББ" технологиясы

| Білемін | Білуді қалаймын | Біліп алдым |
|---|---|---|
| | . | |

# Ыбырай Алтынсарин не істеді?




Ыбырай Алтынсарин
Шәкәрім Құдайбердіұлы
Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин
ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ
КИРГИЗСКАЯ ХРЕСТОМАТІЯ.
СОСТАВИЛЪ
И. АЛТЫНСАРИНЪ.
КНИГА ПЕРВАЯ.
Оренбургъ
1879
«Қазақ хрестоматиясының» мұқабасы.
Ыбырай АЛТЫНСАРИН
Кел, балалар, оқылық
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН
ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР

# Ыбырай Алтынсариннің «Кел балалар оқылық!» өлеңімен танысамыз





Бір Аллаға сиынып,
Кел балалар оқылық
оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық
Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап
Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық



- Оқысаңыз балалар
- Шамнан шырақ жағылар
- Тілегенің алдыңнан
- Іздемей-ақ табылар
- Кел балалар оқылық
- Оқығанды көңілге
- Ықыласпен тоқылық
- Мал дәулеттің байлығы
- Бір жұтасаң жоқ болар
- Оқымыстың байлығы
- Күннен-күнге көп болар
- Еш жұтамақ жоқ болар
- Кел балалар оқылық
- Оқығанды көңілге
- Ықыласпен тоқылық

Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған
Сауысқаннын тамағы
Шоқуменен табылған
Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған
Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық
Ата-енең қартайса
Тіреу болар бұл оқу
Қартайғанда мал тайса
Сүйеу болар бұл оқу
Кел балалар оқылық
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық

Білімді болсаң бәрі алдыңнан шыға келеді

Мысалы Үстіміздегі көйлек тоқылады,сауысқан тамағын шоқып табады,ал біздер білімді оқумен табуымыз керек.Көп оқыған адам мақсатына жетеді.Тек оқып қана қоймай оны зейін қойып көңілімізге тоқуымыз керек.Бүгінгі көргенді,естігенді,ертең ұмытып қалсаң ол оқыған болмайды.

# Оқу білім туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер

Оқусыз білім жоқ

білімсіз күнің жоқ

- Оқу білім бұлағы
- Білім өмір шырағы
- Білім қымбат-білу қиын
- Қына тасқа бітеді
- Білім басқа бітеді

# Жаңа сабақты бекіту

«Сатып алу»ойыны
Білім,еңбекқорлық,ақыл,шыдамдылық, сыйластық,адамгершілік,өнерлі іздеңгіш
( Осы қасиеттерді тақтаға іліп қойып,оқушы , тақтадағы өзіне қажетті қасиетті сатып алады.Оқушыдан не үшін сатып алғанын т.б сұрау)



# БАҒАЛАУ МӨЛШЕРІ

| | |
|---|---|
| 5 | • Өзіндік ойы бар, оны жүйелі баяндайтын, сөз саптауы мазмұнына сай, қорытып түйін жасай алған, сабаққа белсенді қатысқан. |
| 4 | • Мәселені толық, дәлелді ашып берген, ойы жүйелі баяндалған, сөз қолдануында 3-4 кемістік жіберген. |

Білем деме балам білмейтінің көп шығар
Бәрін білетін адам дүниеде жоқ шығар

**Балалар оқу маған керек,оқу саған керек,оқу бәрімізге керек**

Ендіше ерінбей оқи беру керек.Оқымаған адам өзінің мақсатына жете алмайды

# Үй тапсырма

- Ыбырай Алтынсариннің
- «Кел балалар оқылық!» өлеңін жаттау



# Тәрбие сағатының әдістемелі үлгісі



**Сабақтың тақырыбы:**
Ыбырай Алтынсарин өлеңдеріндегі балаларды оқу білімге,еңбексүйгіштікпен өнерге шақыру

**Тәрбиелік мақсаты:**Қазақтың көрнекті ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен,оның шығармашылығымен жақынырақ таныстыру. Өлеңдерді мәнерлеп  сүйіп оқуға,оқығанды түсіне білуге үйрету

**Сабақтың түрі:** әңгіме сұқбат,шығармашылық сабақ

**Сабақтың көрнекілігі:**Ы.Алтынсариннің портреті,суретті бүктемелер

Сыныпты

үш топқа бөлу

“Қыран”
тобы

“Сұңқар”
тобы

“Тұлпар”
тобы

- Оқу инемен құдық қазғандай
- Балалар инемен құдық қазылмайды ғой,оқу деген өте қиын. Білім оңайлықпен келмейді. Сол себептен көп еңбектену керек
- Білімді болсаңдар болашақтарың жарқын болады.


Ыбырай шығармаларындағы тәлім-тәрбие
Ұстамдық
қайрымдылық
Адамгершілік
Шындық
достық
еңбекшілдік
оқу-білім
Төзімділік
өнер
Талаптылық
Мейрімділік

# Сайыстың кезеңдері

Таныстыру

Кім жүйрік?

Тапқыр болсаң тауып көр

Ойлы болсаң озып көр

# І-кезең



## Таныстыру

**_Әр топ өздерін таныстырып, төс белгілерін қорғайды ._**

# ІІ-кезең

# Кім жүйрік?

**Оқу білім тақырыбында мақал-мәтелдер айту**

# III-кезең

# Тапқыр болсаң тауып көр

***Ыбырай шығармашылығына байланысты сұрақтарға жауап беру.***

# Сұрақтар

“ Қыран ” тобы



1. Ыбырайдың еңбекке баулитын әңгімелері?
2. Не үшін Ыбырайды балалар әдебиетінің атасы дейміз?

# Сұрақтар

## “ Сұңқар” тобы



1. Балалар әдебиетінің атасы?

2. Ыбырай алғаш мектепті қай жерде ашты?

# Сұрақтар

## “ Тұлпар” тобы



1. Балаларға арнап мектеп салған кім?

2. Қыпшақ Сейітқұл әңгімесінің тақырыбы?

# IV-кезең

# Ойлы болсаң, озып көр

Оқушылар  сабақ барысында Ыбырай Алтынсарин шығармалары туралы алған білімдерін қорытындылайды




1. Батима мен Злиха туралы әңгімесінің аты.
2. Адамды мұратқа жеткізетін.
3. Орыс жазушысы.
4. Мақалдың басын тап
   ....... алды – қызыл тіл.
5. Бай мен жарлы баласы әңгімесіндегі негізгі кейіпкер.
6. Жазушы бір әңгімесіндегі негізгі кейіпкер.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | А | С | **Ы** | Л | Ш | Ө | П |
| | Е | Ң | **Б** | Е | К | | |
| | К | Р | **Ы** | Л | О | В | |
| Ө | Н | Е | **Р** | | | | |
| | А | С | **А** | Н | | | |
| | С | Е | **Й** | І | Т | | |

# БАҒАЛАУ МӨЛШЕРІ

| | |
|---|---|
| 5 | • Өзіндік ойы бар, оны жүйелі баяндайтын, сөз саптауы мазмұнына сай, қорытып түйін жасай алған, сабаққа белсенді қатысқан. |
| 4 | • Мәселені толық, дәлелді ашып берген, ойы жүйелі баяндалған, сөз қолдануында 3-4 кемістік жіберген. |



# Ы.Алтынсарин мұражайы



# Ы. Алтынсарин ескерткіші Қостанай қаласы



- **Ж.Баласағұн**
  «Біле бер қанша білсең тағы тіле,
  Жетерсің мақсатыңа біле, біле».

# Пайдаланылған интернет сайттар



Web sayttar

www.ziyonet.uz

www.kitob.uz

www.ref.kz

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!

